

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты Саурбаева Ашекей Жумагуловнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық технологиялар (енгізілуі, дамуы және перспективалары)» атты диссертациялық жұмысы туралы ғылыми жетекшінің

## П І К І Р І

Ақпараттық технология және оның қолданылуы тек біздің еліміздегі ғана емес, бүкіл әлемдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін де өте маңызды. Әсіресе, соңғы жылдарда жаңа үрдістердің жоғары қарқынмен дамуы аталған саланың бет-бейнесін мүлде өзгертіп, бұрын-соңды болмаған ілгерілеуге жол ашты. Сондықтан зерттеу жұмысының тақырыбы өте өзекті екені айқын.

Бұл ғылыми еңбекке ақпараттық-желілік қоғам жағдайында заманауи медианы трансформациялау, осы үрдіске көшу барысындағы еліміздің медиажүйесінің қалыптасу мәселелері арқау болған. Зерттеуші ақпараттық қоғамдағы қазіргі медианың динамикасындағы классикалық және заманауи теориялық тәсілдерге, бүгінгі кезеңдегі цифрлық медианың функциялары мен тәжірибесіне жан-жақты талдау жасайды. Сондай-ақ ақпараттық-желілік қоғамға көшу жағдайында еліміздің медиасаласын нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттеу, ақпараттық ортаны дамыту, қазіргі журналистік ұжымдарда жаңа технологияларды қолдану үдерістері туралы тың тұжырымдарды алға тартады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппаратын қазіргі талапқа сай әзірлеуге жете мән берілген. Еңбектің құндылығын арттыру мақсатымен еліміздегі және шет елдердегі ғалымдардың зерттеулеріне сараптама жүргізілген. Маңыздылығы жоғары әдебиеттер назарға алынып, жаңаша байыптамалар ұсынылған. Деректер мен дәйектемелер қолдану мәдениетін сақтауға баса көңіл аударылған. Ізденуші өз тақырыбына тікелей қатысы бар материалдарды іріктеп ала біледі.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік деңгейі талас тудырмайды. Зерттеушінің теориялық даярлығы жоғары, оның үстіне осы тақырыпты қарастыру барысында білімі-біліктігін барынша жетілдіре түскені сөзсіз. Ой-пікірлерінің салмақтылығы, байламдарының көңілге қонымдылығы зерттеу жұмысының бағасын арттыратыны анық. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың жай-күйіне толыққанды талдау жасаған осы еңбекті журналист мамандығына бейімдейтін оқу орындарында және бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс тәжірибесінде кеңінен қолдануға болады.

Бұл тақырып алғаш рет тұтастай қарастырылып отырғандықтан, диссертацияның жаңалық дәрежесі өте жоғары. Ақпараттық технологияны қолдану тәсілдері, оның тиімділігі мен нәтижелері туралы тұжырымдар

бүгінгі бұқаралық ақпарат саласының жұмысын ілгерілетуге септігін тигізетіні белгілі.

Зерттеудің ғылыми қорытындыларын мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіруге арналған маңызды құжаттарды әзірлеу кезінде, журналист мамандарын даярлайтын оқу орнындағы білім беру үдерісінде, бұқаралық ақпарат өндірісінде жаңаша формат қалыптастыру барысында пайдалануға болады.

Диссертант зерттеу нысанасын бірнеше ғылымды тоғыстыратын тұжырымдар арқылы қарастырып, тын ой-пікір айтуға талпынады. Теория мен тәжірибені ұштастырып, тұтас зерттеу жазып шығу мақсатын алға қойған. Ақпараттық технологияның бүгінгі трендтерін даралап әрі саралап көрсетіп, оның даму жолдарын, келешектегі бағыт-бағдарын айқындап береді.

Қорыта айтқанда, ғылыми ортаға өз міндетін толық орындаған, жаңалығы мол, жетістігі жеткілікті, деңгейі жоғары зерттеу нәтижелері ұсынылып отыр.

Сондықтан, диссертанттың еліміздегі ғылыми жетекшісі ретінде ғылыми жұмысты қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

**Б.Ж.Омаров**



**ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор**

**29.03.2021**